

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
ТАЛАПКЕР 2024

✓ **ДОКТОРАНТУРА**

- **D034 - «ӨНЕРТАНУ»**
- **8D02162- «ӨНЕРТАНУ», 8D02124 - «КИНОТАНУ», 8D02133 - «КИНОТЕЛЕДРАМАТУРГИЯ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШІЛЕР ҮШІН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Қазақ ұлттық өнер университетінің докторантура бөліміне кәсіби оқу бағдарламасы бойынша жоғарғы білім алған тұлғалар қабылданады. Магистратура және докторантурадағы дайындық бағыттары сәйкес келсе ғана докторантураның білім беру бағдарламаларына қабылдау жүргізіледі. Докторантураға түсуге үміткерлер келесі шығармашылық қабылдау емтихандарын тапсырады: ғылыми жұмыстың рефератын қорғау және кешенді емтихан (билеттер бойынша).

Ғылыми жұмыстың рефератын қорғау бойынша емтихан келесі тәртіпте өткізіледі: реферат авторы зерттеу тақырыбының мақсаты мен міндеттерін, өзектілігін, зерттелу деңгейін, жұмыста қарастырылатын ғылыми мәселелерді бағамдау барысында қолданылған зерттеу тәсілдері мен ғылыми тұжырымдарын түсіндіріп, емтихан қабылдаушы оқытушылардың реферат тақырыбы бойынша қойған сұрақтарына жауап беруі тиіс.

Кешенді емтиханда үміткер өнер теориясы, өнер педагогикасы және өнер тарихының әдістемесі пәндері бойынша билеттің үш сұрағына жауап береді. Докторантураға түсуге үміткер емтихан кезінде өзінің жоғары білім деңгейін, пәндердің терминологиялық және тұжырымдамалық аппаратын қолдана алатынын, өнердің дамуының теориялық заңдылықтарынан хабардар екенін көрсете білуі керек.

D034 - «ӨНЕРТАНУ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШІЛЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСЫНЫҢ РЕФЕРАТЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Реферат талапкердің қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде жеке және өз бетінше орындаған еңбегі болуы тиіс.
2. Рефераттың тақырыбы мен оның мазмұны талапкер таңдаған білім беру бағдарламасымен сәйкес келуі керек.

3. Рефераттың көлемі – 35-45 бет.

4. Рефераттың құрылымы мен рәсімделуі:

- *титулдық бет*;

- *кіріспе* (өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, зерттеу пәні мен нысаны, зерттеу тәсілдері, тақырыптың зерттелу деңгейі, жаңалықтары, зерттеудің практикалық және теориялық маңызы, құрылымы мен рефераттың жалпы көлемі);

- *реферат мазмұны* (зерттеу мазмұнын айқындайтын тараулары мен тараушалары);

- қорытынды;

- қолданылған әдебиеттер тізімі.

5. Рефераттың рәсімделуі:

Қаріп – Times New Roman, қаріптің өлшемі – 14;

интервал – бір;

Шеттері: жоғары және төменгі – 2 см, солға – 3 см, оңға – 1,5 см.;

Абзац шегінісі – 1 см.

6. Білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми дәрежесі бар мамандардың (ғылым докторы немесе кандидат, Phd докторы) реферат туралы жазған **2 рецензиясы** болуы тиіс. Рецензия пікір білдірушілердің жұмыс орнынан расталуы керек.